



САЛЫМШЫНЫ  
САН СОҚТЫРҒАН

7-БЕТ | МӘСЕЛЕ



КІТАПХАНАЛАР  
ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

“” Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП, ӨЗАРА ТҮСІНІСТІК, ТІЛЕКТЕСТІК ПЕН ЖАУАП-КЕРШІЛІК БӘРІНЕН БИІК ТҰРАТЫН ТИІМДІ МЕМЛЕКЕТ БОЛАМЫЗ. ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ БҰЗАТЫН КЕЗ КЕЛГЕН АРАНДАТУШЫЛЫҚ ӘРЕКЕТКЕ ҚАТАҢ ТОСҚАУЫЛ ҚОЮ ҚАЖЕТ. ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ МЕКЕМЕЛЕРІ ЖӘНЕ АЙМАҚ БАСШЫЛАРЫ ОСЫ ЖҰМЫСТЫ ДҰРЫС АТҚАРМАЙ ОТЫР. БАСҚА СӨЗБЕН АЙТҚАНДА, ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТПЕЙДІ. СОНЫҢ САЛДАРЫНАН ҚОҒАМЫМЫЗДА ҰДАЙЫ КЕЛЕҢСІЗ ОҚИҒАЛАР БОЛЫП ЖАТАДЫ.

№141  
(4574)  
Сейсенбі  
28 қараша  
2023 жыл



# ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## МӘДЕНИЕТІ ӨРКЕНДЕГЕН ЕЛОРДА

Астана ел мәдениетінің де орталығы болып отыр. Елорда төрінде бой көтерген мәдени нысандар бүгінгі таңда халықаралық іс-шаралардың ордасына айналғандай. Астана жаңа зәулім ғимараттарымен қатар, көне тарихи өнер ошақтарына жаңаша тыныс беруімен де үлгі.



### МЕЖЕ – 25 МИЛЛИОН

Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеуі бойынша Қазақстан халқының саны 2050 жылы 25 миллионға жетуі мүмкін.

Ал 2100 жылы Қазақстан халқының саны 30 миллионға жетеді деп болжанады. Бұл болжам да Біріккен Ұлттар Ұйымының зерттеуінен алынған.

Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, Қазақстан халқының саны екі жылда 1 миллионға өсті. Бұл межеге демографиялық өсімнің жоғары болуына байланысты жеттік. 2020, 2021, 2022 жылдары елдегі халық саны еселеніп өскен. Көпбалалы отбасылар қатары күрт көбейген. Мәселен, 2021 жылы елімізде бала туудың рекордтық көрсеткіші тіркеліп, 446 мың сәби дүниеге келген. Соның нәтижесінде халық саны 19 миллионнан 20 миллионға жетті.



«ASTANA  
AQSHAMY»

ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ  
ЖҮРІП ЖАТЫР

5

### ҮШ МЫҢ ҮЛЕСКЕР ҮЙНЕ КІРЕДІ

Жыл соңына дейін құрылысы ұзаққа созылған тұрғын үйлердің 3600 үлескері пәтер кілтін алады. Бұл жөнінде елорда әкімі Жеңіс Қасымбек тұрғындарды қабылдау кезінде мәлім етті.

Астана қаласында бүгінгі таңда тұрғын үй мәселесі бойынша бірнеше бағыт бойынша, атап айтқанда, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, жеңілдетілген қолжетімді тұрғын үй салу, апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерді бұзу жұмысы жүріп жатыр.

Биыл кезекте тұрғындар арасында түрлі санат бойынша 1,4 мың отбасы баспаналы болды. «Elorda zhastary» жеңілдетілген жастар тұрғын үй бағдарламасы бойынша 1,9 млрд теңгеге 112 несие берілді. Қазіргі уақытта 2029 жылға дейін бұзылатын апатты үйлердің тізімі жасалды. Тізімге 4710 пәтері бар 206 апатты үй енгізілді.

### БАЛАЛАР ТЕГІН ЖАТТЫҒАДЫ

Бас қалада балаларды тегін спорт үйірмелеріне қабылдау басталды.

Мемлекеттік спорт тапсырысын іске асыру аясында Астана қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасы кеше балаларды спорт үйірмелеріне қабылдауды бастады. Тегін үйірмелерге damubala.kz платформасы арқылы жазылуға болады.

2023 жылдың қорытындысы бойынша үнемделген қаражатты пайдалана отырып, орындарды бөлу және ваучерлер (4500 ваучер) беру 2023 жылғы 28 қарашада сағат 18:00-де жүзеге асады.



### ҚЫЗЫЛША НЕГЕ АСҚЫНДЫ?

Елорданың Денсаулық сақтау басқармасының мәліметі бойынша Астанада қызылша асқынып тұр. Әсіресе балалар арасында қызылшамен ауыратындар көбейіп барады.

Қаладағы №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасында қызылшадан емдеу үшін төсек-орын саны 557-ге дейін ұлғайды. Сондай-ақ жансақтау бөлімшесіндегі орындар да көбейген.

Мамандардың айтуынша, қызылшамен ауырған балалардың 70 пайызы арнайы екпе алмағандар болып отыр. Сондықтан қызылшаның алдын алу және одан қорғану үшін екпе алу маңызды саналады. Екпені қаланың барлық емханасынан тегін алуға болады.

4

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 504.86 \$ USD/KZT 463.09 ₸ RUB/KZT 5.21 ¥ CNY/KZT 64.73

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



## СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕСТІК КЕЛЕШЕГІ ЗОР

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанға ресми сапармен келген Қытай коммунистік партиясы ОК Саяси кеңесі тұрақты комитетінің мүшесі, ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары Дин Сюэсянды қабылдады.

Кездесу барысында қазақ-қытай стратегиялық серіктестігінің жай-күйі және оны дамыту перспективасы, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев пен ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің бұған дейін қол жеткізген уағдаластықтарын екі ел үкіметтерінің іске асыру барысы талқыланды.

«Қытаймен екіжақты қатынасты мүлде жаңа деңгейге көтеру Қазақстанның маңызды стратегиялық басымдығы саналады. Шын мәнінде, қазақ-қытай байланыстары өзара тиімді мемлекетаралық ықпалдастықтың үлгісін көрсетеді деп ойлаймын. Біз Қытайды өте маңызды стратегиялық серіктес ретінде қарастырамыз және барлық саладағы ынтымақтастықта нақты нәтижеге қол жеткізетінімізге үлкен үміт артатымыз» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жуырда өткен жоғары деңгейдегі үшінші «Бір белдеу, бір жол» форумы орасан зор табысты болғанын және ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің ауқымды бастамасының одан әрі даму жолын айқындағанын еске салды. Президенттің айтуынша, Қазақстан бұл жобаны жүзеге

асыруға жан-жақты атсалыса береді.

«Өзіңізге мәлім, мен жақында Бейжіңге ресми сапармен барып, Төраға Си Цзиньпинмен жан-жақты келіссөздер жүргіздім. Жоғары деңгейдегі келіссөздер өте мазмұнды болды және ынтымақтастықты нығайту жолындағы маңызды кезеңге жол ашты. Өзара визасыз режим күшіне енді. Келесі жыл Қазақстанның Қытайдағы туризм жылы болып жарияланды. Бұл өзара қарым-қатынас, әсіресе жастар үшін өте маңызды шешім деп санаймын. Қытаймен арадағы ынтымақтастықты дамыту әрбір елдің басымдықтарының бірі екенін тағы да атап өткіміз келеді. Біз бұл мәселеге жоғары деңгейде мән береміз» деді Мемлекет басшысы.

Бұдан бөлек, Президент Астанада өткен Қазақстан мен Қытайдың ынтымақтастық жөніндегі комитетінің 11-отырысы сауда-экономика саласындағы бірлескен іс-қимылдарды әзірлеу ісінде маңызды рөл атқаратынына тоқталды.

Өз кезегінде Дин Сюэсян Қасым-Жомарт Тоқаевқа ҚХР Төрағасы Си Цзиньпиннің

сәлемін жеткізіп, екі жақты ықпалдастықтың даму қарқынына көңілі толатынын айтты.

«Біз мемлекеттер басшыларының уағдаластықтарын іске асыру арқылы өзара ынтымақтастықта жаңа нәтижеге ұдайы қол жеткізуді мақсат етеміз. Қытай Қазақстанның мемлекеттік құрылыс саласындағы орасан зор жетістіктеріне шын жүректен қуанады. Қытай-Қазақстан қатынастарының табысты дамуы біздің ортақ мүддемізге толық сай келеді, сондай-ақ өңірдегі бейбітшілік пен тұрақтылыққа ықпал етеді. Қытай тарапы мемлекеттер басшыларының қол жеткізген уағдаластықтарын және «Бір белдеу, бір жол» бастамасын жоғары деңгейде әрі сапалы түрде бірлесіп жүзеге асыруға дайын» деді ҚХР Мемлекеттік кеңесі Премьерінің орынбасары.

Кездесу барысында сауда, ауыл шаруашылығы, инвестиция, көлік, логистика, энергетика және басқа да салалардағы өзара ықпалдастықты нығайту мәселелері қарастырылды. Сонымен қатар екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты дамытудың өзектілігі атап өтілді.

## РЕСМИ САПАРМЕН КЕЛЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың шақыруымен 27-28 қарашада Того Республикасының Президенті Фор Эссозимна Гнассингбе Қазақстанға ресми сапармен келеді.

Сапар аясында жоғары деңгейде келіссөздер жүргізіледі. Келіссөздер барысында екіжақты сауда-эконо-

микалық және гуманитарлық ынтымақтастықты дамыту перспективалары, сондай-ақ Қазақстанның Африка құр-

лығындағы мемлекеттермен өзара ықпалдастық мәселелері талқыланады деп жоспарланып отыр.

## АСТАНАДА 23 МЫҢ АДАМ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫЛДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің қатысуымен Amanat партиясы Астана қалалық филиалы «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасының Жол картасын іске асыру барысы туралы Астана қалалық мәслихаты фракциясының VII жиналысы өтті.

Сайлауалды бағдарлама негізгі 4 бағыттан тұрады. Биыл 126 тармақты құрайтын Жол картасының 117 тармағы орындалу барысында. Ал қалған 9-ы бойынша орындалу мерзімі басталған жоқ.

Қазан айында Астана қаласы бойынша сайлауалды бағдарламаның орындалуына жүргізілген талдауға сәйкес, 2023 жылы орындалатын 117 іс-шараның 47-сі мәресіне жетсе, орындау сатысында 70-і тұр. Жеңіс Қасымбек Жол кар-

рына ие болды. Жұмыссыздарға көмек көрсету және оларды жұмыспен қамтуға жәрдемдесу үшін «Joltar» жобасы іске қосылды, оның шеңберінде «Баршаға қолдау» модульдік пункттері арқылы тұрғындар кірістерді арттыру мүмкіндіктері бойынша кеңес ала алады. Инфрақұрылымға келсек, №3 жылу-электр орталығының бірінші кезегі мен «Тұран» және «Оңтүстік-Шығыс» екі газ жылу станциясының құрылысы аяқталды, бұл қосымша 1130

әлеуметтік жағынан ахуалы төмен және жалғыз тұрғын үйі апатты деп танылғандарға баспана берілді. Биыл 14 жаңа мектептің құрылысы аяқталды. Оның 6-уы пайдалануға берілді, 8 мектептің құрылысы жалғасуда (жыл соңына дейін іске қосу жоспарлануда). Бұдан басқа, «Жайлы мектеп» жобасы бойынша 2025 жылға қарай 90 мың оқушыға арналған 24 мектеп салынады. Оның 15-і Есіл мен Нұра аудандарында орналасады» деді әкім.



тасының тармақтары бойынша нақты атқарылған жұмыстарды атап өтті.

«Құрылыс жұмыстарының көлемі 7,2 пайызға артты. 2,9 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 49 пайызға артық. Тауар айналымы бойынша соңғы бірнеше жылда Астана шағын және орта бизнестің үлесі бойынша көшбасшылығын сақтап келеді. Биылғы бірінші жартыжылдықта бұл көрсеткіш 73 пайызды құрады, бұл орташа республикалық көрсеткіштен 2 есеге көп. Жұмыссыздық деңгейі 4,4 пайызды құрады, бұл орташа республикалық деңгейден 4,7 пайызға төмен. Жұмыспен қамту іс-шараларымен 23 мың адам қамтылды. 12 мыңнан астам адам жұмысқа орналасты, оның ішінде 7,5 мың адам тұрақты жұмыс орында-

Гқал жылу қуатын қамтамасыз етті. Маусым айында Астана су қоймасынан қосымша су құбыры іске қосылды, бұл тәулігіне 90 мың текше көлемінде қосымша су беруді қамтамасыз етті. Бүгінгі таңда қалада су тапшылығы байқалмайды. Автокөлік қозғалысы туралы айтсақ, негізгі магистралдардағы жүктемені азайту үшін қазан айының соңында әл-Фараби даңғылынан Тәуелсіздік даңғылына дейінгі жаңа көпір арқылы жол ашылды. 165 қоғамдық және аула кеңістігін абаттандыру аяқталды. Жалпы 45 жасыл аймақ құрылды, оның ішінде 2 саябақ, 10 сквер және 33 қоғамдық кеңістік бар. Бұл – қала тұрғындары мен қонақтарына жақсы таныс жерлер. Қалада кезекте тұрған әртүрлі санаттағы 1,4 мың отбасына, соның ішінде жетімдерге, көпбалалы аналарға,

Amanat партиясы Астана қалалық филиалының атқарушы хатшысы Сақтаған Сәдуақасов сөз соңында сайлауалды бағдарламаның орындалуын жан-жақты бақылауды қамтамасыз ету қажеттігін тілге тиек етті.

«Сайлауалды бағдарлама – стратегиялық құжат, осы бағдарламамен сайлауға түстік. Сайлаушыларымыз бізге, біздің бағдарламымызға сенді. Мәслихаттағы 34 орынның 29-ы – біздің партиялықтар, біздің сайлаушыларымыз бізден нәтиже күтуде, бұл – партия мен билікке, партия мүшелеріне, басшылық лауазымдарға деген сенім» деді ол.

Фракцияда Жол картасының орындалуына жасалған мониторинг қорытындысы талқыланып, қаралған мәселелерге депутаттар тарапынан ұсыныстар айтылды.

## ЖАҢА ТАЛАПТАР ЕНГІЗІЛЕДІ

Газ жабдығы бар көлік иелерінен Қазақстанда арнайы белгі орнату талап етіледі. Бұл өзгеріс 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді. Өз кезегінде Техникалық реттеу және метрология комитетінің төрағасы Қуаныш Елікбаев жаңа талаптың нәтижесін енгізіліп жатқанын түсіндірді.

«Газға көшіру барлық қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып жүргізілмейді. Өкінішке қарай, кейде мұндай көліктер біздің азаматтар үшін қауіпті болуы мүмкін.

Сондықтан газға ауыстырылған көліктердің жабық тұрақтарға кіруіне тыйым салынады» деді ол.

Өзгеріс газ жабдығы бар автотөліктерге міндетті түрде ар-

найы белгіні орнатуды енгізеді, ол – «GAS» жазуы белгіленген, леп белгісі мен қара жиегі бар сары түсті теңбүйірлі үшбұрыш белгіше.

### ЕЛЕҢ ЕТКІЗЕР

Болгарияның солтүстік-шығысында қалың қар түсіп, толассыз жауған қардың арты қатты дауылға ұласты.

Жол апатынан 2 адам қаза тауып, тағы 36 кісі жарақат алды. Мыңдаған үй жарықсыз отыр. Жолдар жабылып, қалада қозғалыс шектелді. Желдің жоғары екпінінен ағаштар жерге құлап жатыр. Көліктер жолда қарға батып қалған. Әсіресе солтүстік-шығыстағы 4 аймақта қауіп деңгейі жоғары. Жергілікті билік елде төтенше жағдай жариялады. Қазір 300-ге жуық білім ұйымында жұмыс тоқтады.



ХАМАС тағы 17 тұтқынды босатты. Олардың арасында 9 бала мен 4 шетел азаматы бар.

Израиль түрмедегі тағы 39 палестиналықты еркіндікке жіберді. Олардың барлығы – әйелдер мен жасөспірімдер. Бұл – қос тарап арасында атысты тоқтату туралы уақытша бітім жасалғалы үшінші мәрте тұтқын алмасуы. Жалпы уағдаластыққа сай 4 күн ішінде Израиль 150, ал ХАМАС 50 адамды босатуға тиіс. Бірақ Қатар билігі уақытша келісім тағы созылуы мүмкін деп отыр.



Әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықты жою үшін халықаралық күрес күніне орай күллі Франция аумағында шерулер өтті.

Шеруге қатысушылар зорлық-зомбылық құрбаны болған әйелдерді барынша сенімді қорғауды талап етті. Франция президенті Эммануэль Макрон: «Біз бұл мәселені түпкілікті шешуге тиіспіз, шешетінімізге сенімдіміз» деп үн қатып, осы бағытта қабылданған іс-шараларды тізбектеп шықты.



## ҚОҒАМДА КЕЛІСІМ БОЛМАСА, КЕСЕЛ ДЕ, КЕСІР ДЕ КӨП

Бас қалада «Азаматтық қоғам мен медиа саласы өкілдерінің өзара қарым-қатынасының қоғамдағы рөлі» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мәжілісті Астана қалалық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова кіріспе сөзбен ашып, жүргізіп отырды. Жиналғандар азаматтық қоғам, үкіметтік емес ұйымдар мен БАҚ, әлеуметтік желілердің жұмысы мен оның қоғамдық келісімге, тұрақтылыққа тигізетін әсерін талқылады.

«Қоғамда келісім болмаса, кесір де көп болады, кесел де, үйлесім көп болады. Сол келісімге жетудің бір жолы осындай іс-шаралар өткізу, қоғамдағы оқиғаларға үн қатып отыру деп білемін. Біздің басылымда азаматтық қоғам өкілдері, олар ұйымдастыратын іс-шараларды жариялап тұрамыз. Дегенмен жыл бойы үздіксіз шығады деп айта алмаймын. Оған өткізіліп тұрған іс-шаралар арқылы БАҚ-қа уақытында хабар жетпей де әсер етеді» деді «Astana aqshamy» газетінің бас редакторы Еркін Қыдыр.

ҚР Президенті жанындағы Ұлттық құрылтай мүшесі, ҚХА республикалық медиация кеңесінің төрағасы Шерзод Пулатов БАҚ-та жарияланатын хабарлардың ұлтаралық қатынасқа ықпалына тоқталды.

«Қандай да болмасын екі ұлт өкілінің арасында қақтығыс, кикілжің туралы хабар таратқанда міндетті түрде оның ұлтын көрсетіп тұрып жазады. Мұндай хабарды оқыған адамда сол ұлтқа деген ашу-ыза немесе басқа да жағымсыз сезім туады. Біз бұл мәселені көтеріп жүрміз және бұл бағытта бірталай жұмыс жасалып келеді. Қазір, байқауымша, республикалық БАҚ-тарда осындай оқиғалар туралы жазғанда ұлты көрсетілмейді. Ал аймақтардағы БАҚ өкілдері ақпарат таратқанда мұны әлі де ескермейді. Қиын-қыстау кезде ата-бабамызбен жарты нанын бөле жеген қазақ ұлтына деген құрметіміз зор. Алдыңғы буын бізге осыны үйретті, көрсетті. Біз де өзімізден кейінгі жастарға осыны ұғындырғымыз келеді» деді ол.

Халықаралық журналистика мектебінің adjunct assistant профессоры Алма Сайлауқызы ақпарат таратуға абай болу қажеттігін айтты. Себебі жарық көрген хабарлама бүкіл қоғамға әсер ететін жойқын күшке ие.

«Цифрлық қоғам, ақпараттық қоғам, ақпараттық соғыс дәуірінде біз түсінетін дәстүрлі ақпарат өзінің өрісін өзгертті. Ақпараттың құндылығы оның салдары туралы жаңа түсініктер қалыптастыратын дәуірге келдік. Кез келген ақпарат қоғамдық пікір туғызады, қоғамдық пікір қоғамдық резонансқа айналып, қоғамдық санаға әсер етеді. Ал қоғамдық сана әрбір іс-әрекетімізде жетекші рөл атқаратын күшке ие болады. Яғни кіп-кішкентай ақпараттың келесі бір адамның өмірін, дүниетанымын өзгерте алатын пәрмені бар» деді ғалым.

Сондай-ақ жиында әлеуметтік желінің әсері, ондағы қоғамдық тұрақтылыққа қауіп тудыруы мүмкін түрлі жазбалар туралы айтылды. Қатысушылар қандай да болмасын ақпарат таратқанда алдымен оның қоғамға тигізетін әсеріне мән беру қажеттігіне назар аударды.

Тұрғын АМАН

## ҚАЛА ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ



Мемлекет басшысы құқықтық тәртіп органдары басшыларымен кездесу барысында елде заңдылықты сақтауды, азаматтардың құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетін көтеруді қамтамасыз етуді тапсырды. Сонымен қатар «Заңдылық және тәртіп» қағидасы қазақстандық қоғамның идеологиялық, саяси долісілтемесі болуы тиіс деп атап көрсетті.

Райхан РАХМЕТОВА

Осы ретте құқық бұзушылыққа «нөлдiк төзімділік» қағидасын нығайту, көшелер мен басқа қоғамдық орындарда тиісті қоғамдық тәртіпті сақтау мақсатында биыл 20-30 қарашада республика аумағында «Құқықтық тәртіп» жедел-профилактикалық алдын алу іс-шарасы өтуде. Оған жергілікті атқарушы органдар, Аманат

партиясының өңірлік филиалдары, ЕҒҰ-дар, жастар қозғалыстары, БАҚ өкілдері, блогерлер, қоғамдық пікір көшбасшылары, волонтерлер мен құқық қорғау бағытындағы қоғамдық құрылым мүшелері қатысуда.

Іс-шара аясында Астанада сондай кезекті рейдтің өту барысына куә болдық. Сарыарқа ауданы әкімдігі, аудандық прокуратура, ауданның пробацция қызметі, волонтерлер, қоғамдық көмекшілер,

блогерлер, патрульдік полиция, полиция басқармасы басшылығы, учаскелік полициялар «Сапаржай» автовокзалы аумағына жиналып, рейдті бастады.

Сарыарқа ауданы әкімдігі аппаратының бас маманы Дамир Хисматуллиннің айтуынша, осы алдын алу іс-шарасы басталғалы бері 4 күнде 500-ден астам әкімшілік құқық бұзушылық фактісі тіркеліпті. Оның ішінде вандализм бойынша 5 факт, ұсақ бұзақылық бойынша 4 факт анықталған.

Рейдке қатысушылар алдымен Гете-Біржан сал көшелерінің маңайында вандализм, қайыр тілеу, жеңгетайлық, ішімдік ішу, қоғамдық орындарда темекі шегу, бөтен біреудің мүлкін қасақана бүлдіру, елге ортақ орындарды ластау сынды құқық бұзушылық фактілері бойынша профилактикалық жұмыстар жүргізді. Одан әрі аталған топ Қарасай батыр көшесімен бойлай ел ішінде «Арман» шағын ауданы аталатын қала бөлігіне барып, интернет-алаяқтықтан сақтану, отбасы-тұрмыс қатынасының бұзылуы, тыныштықты бұзу, қоғамдық мүлікті бүлдіру бойынша құқық бұзушылықтарға орай профилактикалық жұмыстар өткізді. Рейдке қатысушылар барған үшінші нысан Республика даңғылы бойындағы «Стамбул» кафеі мен «Жігер» қонақүйі болды. Себебі осы ғимараттарда да төбелес, бұзақылық, ұсақ құқық бұзушылық жиі болатыны туралы шағым көп түседі. Жұма күнгі рейдтің соңғы нысаны Есіл өзенінің жағалауы болды, елді тәртіпке шақырушылар Арбаттан бастап өзен жағалай жүріп, халыққа түсіндіру жұмысын жүргізді. Тура осындай рейдтер Астана қаласының өзге аудандарында да өтіп жатыр.

### Венесуэла инфляция бойынша әлемде 1-орынға шықты.

Өткен айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 360 пайызға жеткен. Елдің көш соңында келе жатқанына осымен 10 жыл болды. Мұның бірнеше себебі бар. Мемлекет экспортының 90 пайызы мұнайға тиесілі. Әлемде қара алтын бағасы күрт төмендегенде, елдегі ахуал да қиындады. Сосын АҚШ тарапынан салынған санкциялар бар. Өз кезегінде сарапшылар биліктің экономикалық саясаты дұрыс емес екенін айтады.



### Ресей президенті Владимир Путин әскерге шақырту заңын өзгертуге қол қойды.

Осыған дейін әскерге 18-27 жас аралығындағылар шақырылса, енді 18-30 жас аралығындағылар шақырылады. Сөйкесінше, шақырылатындар саны орта есеппен шартты түрде 1,1 млн-ға артты. Заң 2024 жылдың 1 қаңтарынан күшіне еніп, Ресейде 2024 жылдың көктемгі шақыртуында отан алдындағы борышын өтеушілер саны әлдеқайда көп болмақ.

## АШЫҚ ЕСІК КҮНІН ӨТКІЗДІ

Прокуратура қызметкерлерінің кәсіби мерекесі қарсаңында елордалық жоғары оқу орындары – Maqsut Narikbayev University, Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, «Тұран-Астана» университеті заң факультетінің соңғы курсына оқитын 100-ден астам студент үшін Астана қаласының прокуратурасы ашық есік күнін ұйымдастырды. Кездесу барысында студенттерге елорда прокуратурасының мұражайы таныстырылып, оның тарихы туралы айтылды.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

Астана қаласы прокурорының орынбасары Б.Мизанбаев бастаған қызметкерлер студенттерге әскери және көлік прокуратуралары органдары қызметінің ерекшелігімен таныстырды. Сондай-ақ қонақтарға Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеттің цифрлық жобалары, қылмыстық құқық бұзушылық және жол-көлік оқиғалары карталары көрсетілді. Кәсіпкерлерге өз бизнесін негізсіз тексеруден қорғауға көмектесетін «Qamqo» мобильді қосымшасы таныстырылды.

Бас прокуратура жанындағы құқық қорғау органдары академиясының қызметі болашақ заңгерлер

үшін ерекше қызық, ол прокуратура органдарына қызметке түсу үшін кандидаттарды іріктеуді және бастапқы даярлауды жүргізеді. Олардың назарына құжаттарды тапсыру, заңнаманы, денсаулық жағдайын және т. б. тексеруден өту бойынша іс-қимылдың егжей-тегжейлі алгоритмі ұсынылды.

Кейін прокурорлар қонақтардың барлық сұрағына жауап беріп, іс-шара соңында олардың әрқайсысына брошюра табыстады.

ҚР Бас прокуратурасының жанындағы құқық қорғау органдары академиясы, Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті, Бас әскери және көлік прокуратураларының қызметкерлері прокуратура органдарына түлектердің түсу тәртібін түсіндірді.

## ТҰРҒЫН ҮЙЛЕР ГАЗҒА ҚОСЫЛДЫ

Астанада бірқатар тұрғын үй кешені табиғи газға ауысты. Тұрғын үй кешендеріне газдың берілуі тарифті бірнеше есе арзандатады.

Энергетика министрі А.Сәтқалиев Астана қаласының тұрғындарымен есептік кездесу өткізді.

Кездесу барысында «Будапешт», «Cosmic City», «Журшевел», «Family Town» ТК тұрғындары автономды газ қазандығын қымбат сұйытылған газдан жылыту газына ауыстыру мәселесін көтерді.

Министр уәкілетті органдар мен ұйымдарға газдандыру мәселелерін жедел шешу туралы бірқатар тапсырма берді.

«Бүгінде «Будапешт» және «Cosmic City» ТК автономды газ қазандығы жылыту газына ауыстырылды. «Family Town» қазандығы бойынша қазандықтардың оттық түтікшелерін газға айналдыруды қайта реттеу жұмысы жүргізілуде» делінген министрлік ақпаратында.

Табиғи газға ауыстыру аталған тұрғын үй кешендеріне газдың үздіксіз берілуін қамтамасыз етеді және тұрғындар үшін тарифті бірнеше есе арзандатады.



### ХАБАРЛАНДЫРУ

2023 жылғы 23 желтоқсанда Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Алаш тасжолы мен №69 көше қиылысы ауданы (жобалық атауы) мекенжайында орналасқан «Қонақ үй, ТҚҚ, автожуу, қойма үй-жайлары» объект бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау жобасын түзету бойынша қоғамдық талқылаулар өтеді.

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ және «Астана қаласының Байқоңыр ауданы әкімінің аппараты» ММ Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, тасжол қиылысы ауданында орналасқан «Қонақ үй, ТҚҚ, автожуу, қойма үй-жайлары» объект бойынша егжей-тегжейлі жоспарлау

жобасын әзірлеу бойынша қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды Алаш және №69 көшелер (жобалық атауы). Тапсырыс беруші: «СДМ-2011» ЖШС, 2023 жылғы 20 желтоқсанда сағат 11:00-13:00 аралығында Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар электрондық мекенжайға үлгіге сәйкес нысан бойынша қоғамдық талқылаулар басталғанға дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

### ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ 2023 жылғы 5 желтоқсанның бастап Нұр-Сұлтан қаласындағы «Отгүстік-Шығыс» аймақтық газ қазандығына алаңнан тыс инженерлік желілерді салу жұмысына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша бес жұмыс күні ішінде қоғамдық талқылау нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарлайды.

Жобалық құжаттаманың пакетімен біріңғай экологиялық порталда танысуға болады, <https://ecportal.kz>. Ескертулер мен ұсыныстар сайтта 2023 жылғы 5 желтоқсанның бастап 5 жұмыс күні ішінде

қабылданады, <https://ecportal.kz>. Осы мерзім өткеннен кейін ескертулер мен ұсыныстар қабылданбайды.

Бастамашы – «Астана қаласының Отын-энергетикалық кешені және коммуналдық шаруашылық басқармасы» ММ, БСН 130740015861, мекенжайы: Астана қ., Сарыарқа ауданы, Бейбітшілік к-сі, 11-үй, тел.: +7 (7172) 550160.

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші – «Ақ Жол-ІІ» ЖШС, БСН 990140000730, мекенжайы: Астана қ., Байқоңыр ауданы, Амангелді Иманов к-сі, 19.

«Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы» ММ жергілікті атқарушы органы.

№141 (4574) 28/11/2023 Сейсенбі

Төлең  
ТІЛЕУБАЙТҰРҒЫН ҮЙ КЕЗЕГІНДЕ  
ҚАНША АДАМ БАР?

Қазір қалада тұрғын үйдің кезегінде 50 мыңнан аса отбасы тұр. Соның ішінде ересек қажеттілігі бар балаларды өсіріп отырған отбасыларды және көпбалалы отбасыларды қоса алғанда барлығы 12 санатқа кіретін азаматтар бар. Бұл мәселені түпкілікті шешу мақсатында әкімдік биыл 6 мыңға жуық әлеуметтік жеңілдікпен берілетін пәтерлер салуды, сондай-ақ 16 үлестік құрылыс нысандарын салып бітіруді жоспарға енгізген. 6 мыңға жуық пәтердің жартысы тұрғын үй кезегінде тұрғандарға, ал жартысы ипотекаға беріледі.

Елордадағы өткір мәселенің бірі – құрылысы тоқтап қалған тұрғын үйлердің үлескерлерінің ұзақ уақыт пәтерін ала алмауы. Бір кездері үлескерлердің саны 16 мың адамға жеткен, қазір 4 мыңды құрайды. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, әкімдік бұл мәселені жыл аяғына дейін шешуге тиіс. Астана әкімі Жеңіс Қасымбек үлескерлермен үнемі кездесіп, олардың барлық мәселесін ашық талқылайды. Сол кездесулерін қала басшысы күн сайын әлеуметтік желілердегі парақшасында бөлісіп отырады. Мәселен, Жеңіс Қасымбек биыл 26 қыркүйекте Facebook-тегі парақшасында мынадай ақпарат жариялады:

«Қалада ресми түрде құрылысы ұзаққа созылған деп танылған бірқатар проблемалы үй бар. Сол үйлер бойынша жұмыс жүргізіп жатырмыз. Мысалы, «София» тұрғын үй кешенінің салымшылары баспана кілтін 2021 жылы алуы тиіс еді. Алайда олар әлі күнге дейін өз пәтеріне кіре алмай жүр. Себебі нысанда құрылыс қарқыны баяу жүріп жатқаны байқалды, тұрақты инженерлік желілері болмады, лифт орнату жұмысы әлі аяқталған жоқ. Әкімдік үйдің құрылысын аяқтау үшін көмек көрсетеді. Нақты айтсақ, кәріз, су құбырын орнату, абағандарды, көгалдандыру және тағы басқа жұмыстарды қолға аламыз».

Сондай-ақ әкім қылмыстық қудалау органдары «Әскер-1», «Әскер-2», «R-Club», «R-Club De Luxe», «Ақтау Сити», «Қазанат-2», «Ордабасы», «Оазис» тұрғын үй кешендері бойынша үлескерлердің бірнеше рет берген өтініші негізінде сотқа дейінгі тергеп-тексеру жөнінде іс-шараларды жүргізіп жатқанын жазды. Ең бастысы, қаладағы 32 нысанның құрылысы аяқталып, үлескерлер желтоқсан айының соңына дейін пәтер кілтін қолына алады.

Үлескерлермен кездесуде қала әкімі биыл құрылысы ұзаққа созылған 30 тұрғын үй кешенінің құрылысы аяқталатынын мәлімдегенін білеміз. Олардың бір бөлігінің құрылысы қазірдің өзінде аяқталған. Өйткені үлестік құрылыс нысандары бойынша қадамдық іс-шаралар жоспары

ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ  
СҰРАНЫСҚА САЙ МА?

Астанада былтыр 3 млн шаршы метрге жуық тұрғын үй пайдалануға берілді. Биылғы жоспар бойынша 3,5 млн шаршы метрге жуық баспана салынады. 2024 жылы да осы көлемде тұрғын үйлер тапсырылады. Одан арғы жылдардағы құрылыс көлемі халықтың көші-қон процесіне байланысты өзгеріп отырады. Демек, халық саны өскен сайын салынатын үйлер саны да көбейе береді. Қала басшылығы әзірше халық санына шектеу қоймай отыр.

бар. Құрылысы ұзаққа созылған нысандардың аяқталуын Мемлекет басшысының өзі тікелей бақылауына алған.

САНАТТАР ТІЗБЕСІ  
КЕҢЕЙДІ

Өткен аптада Мәжіліс депутаттары тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері туралы заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдады. Заң жобасында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына және әскери қызметшілерге баспана беруге ерекше назар аударылған. Мәжіліс депутаты Ұлықбек Тұмашинов бұл жаңалықты былай түсіндіріп берді:

«Заң жобасында әкімдіктердің жаңа қызметі енгізілді. Ол – 1 жыл ішінде әскери қызмет атқару, құқықтық тәртіпті қорғау кезінде, сондай-ақ адам өмірін құтқару кезінде қаза тапқан адамдардың отбасына баспана беруге қатысты өзгеріс».

Осы заң жобасын талқылау барысында депутаттар мемлекеттік тұрғын үй қорынан баспана алуға құқығы бар адамдар санатының тізбесін кеңейтті. Заң қабылданған соң, ерекше қажеттілігі бар бала тәрбиелеп отырған отбасылар және I, II топтағы мүгедектігі бар жандар тұрғын үй қорынан баспана ала алады. Сонымен қатар алдағы

уақытта халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына кіретін азаматтар сатып алу құқығын-сыз жалға берілетін тұрғын үйді жекешелендіруге мүмкіндікке ие болады.

Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев заң жобасы аясында жалға берілген пәтерлерді жекешелендіру қарастырылып отырғанын түсіндіріп берді.

«Біз әкімдіктен пәтерді жалға алған адамдарға баспананы сатып алу құқығын беру ақылға қонды іс-шара деп ойлаймыз. Өкінішке қарай, пәтерлерді жалға беру ұзаққа созылып кетті. Адамдар бұл пәтерлерден көшпейді. Бұл – өзіне жеке пәтер сатып алуға мүмкіндігі жоқ әлеуметтік осал топ өкілдері. Біз пәтерде тұру уақытын ескеріп, сатып алу ережесін қарастырып жатырмыз. Егер адам пәтерде 5 жыл тұрса, баспана сатып алуға құқығы бар деген норманы енгіземіз» деді министр Мәжіліс дәлізінде.

Ол жалға берілген пәтерлер қаншаға сатылатыны да маңызды екенін айтты.

«Пәтер бағасы да маңызды элемент саналады. Олардың пәтерді нарықтағы бағамен сатып ала алмайтыны түсінікті. Сондықтан қазір баланс құны бойынша сатып алуға мүмкіндік беру туралы пікірталас жүріп

жатыр» деді Қанат Шарлапаев.

Апатты жағдайдағы тұрғын үйдің орнына берілген баспананы да жекешелендіруге құқық беретін норма осы заң жобасында бар. Депутаттар тұрғын үй кезегі мен баспана бөлуге қатысты өзекті мәселелерді әділ, жедел шешу мақсатымен «Отбасы банк» даму институтын құруды ұсынды. Ол институт еліміз бойынша тұрғын үйлерді есепке алуды және бөлуді жүзеге асырады. Демек, болашақта бұл мәселе жергілікті атқарушы органдардан жаңа институттың құзырына беріледі деген сөз. «Отбасы банктің» тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығына, қандай да бір санатқа жататынына қарамастан, тұрғын үйге мұқтаж барлық азамат кезекке тұра алады. Әрбір өтінім үшін кірісті, мүлік пен активті анықтайтын отбасының цифрлық портреті жасалады. Бұл азаматтың отбасы жағдайының барлық сипаттамасын анықтауға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ ұсынылып отырған жаңа модельге сәйкес, тұрғын үйді бөлу азаматтардың есепке тұрған күніне және табыс деңгейіне байланысты іске асады. Яғни тұрғын үйді есепке тұрған күніне байланысты бөлу, барлық мұқтаж азаматты әділ түрде қамтуға мүмкіндік береді дейді заң жобасын дайындаушылар.

Сондай-ақ табыс деңгейіне байланысты қазақстандықтардың жалдау ақысын субсидиялау, арендалық тұрғын үй немесе жеңілдетілген ипотекалық қарыз (жылдық мөлшері 2-5 пайыз мөлшерінде) түрінде мемлекеттік қолдау іс-шаралары көрсетіледі. Бұған қоса, азаматтарды тұрғын үй кезегіне қою кезінде негізгі талаптардың бірі – меншігінде баспана болмауы керек.

Ресми мәлімет бойынша бүгінгі таңда Қазақстанда баспанаға алуға мұқтаж 646 мыңға жуық адам кезекте тұр. Соның ішінде 250 мыңы – әлеуметтік ахуалы төмен отбасы. Мәжілістің жалпы отырысынан кейін журналистердің сауалдарына жауап берген Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев бұл мәселені былайша түсіндірді: «Үй алуға кезекте тұрғандар өте көп. Қазір баспана кезегінде 646 мың адам тұр. Біріншіден, кезекте тұрғандарды тексеру

лелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы арқылы процесті тездетуді көздеп отыр. Мысалы, әкімдік әлеуметтік топтарға тұрғын үй салғанда құрылыс циклі 24 айға созылады, ал (үйді) сатып алу (құқығын беру) әлеуметтік осал топтарға тұрғын үй қорын тез қалыптастыруға мүмкіндік береді.

АСТАНАДА БАСПАНА  
АРЗАН БА, ҚЫМБАТ ПА?

Қазір мұндай сұрақты кез келген адамға қойсаңыз: «Әрине, қымбат» деген жауап аласыз. Бұған көз жеткізу үшін пәтер сататын агенттіктердің сайтына кірсеңіз: «Астанада жаңадан салынған тұрғын үй кешеніндегі баспананың бір шаршы метрі 588,8 мың теңгеге сатылады» деген хабарландыруларды оқисыз. Астанада жаңа үйдің әр шаршы метрінің орташа құны – 588,8 мың теңге, ал Алматыда – 581 мың теңге, Шымкентте – 435,9 мың теңге. Қазақстанда қыркүйек айында бірінші нарықтағы үйлер құнының әр шаршы метрі орташа есеппен 495,3 мың теңгені құрады. Бұл көрсеткішті 2022 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырсақ, 5,1 пайызға қымбат. Екінші нарықтағы үйлерге (ескі үйлер) келсек, бір жылда елордадағы баспана 12,3 пайызға арзандаған, яғни әр шаршы метрдің құны – 566,7 мың теңге. Салыстырып қарасақ, Алматыда бұл көрсеткіш 601,4 мың теңгені құрайды.

Жаз айларында, әсіресе тамызда астаналықтар бір бөлмелі пәтерлерді белсенді түрде сатып алғаны мәлім. Ұлттық статистика бюросы таратқан ақпаратқа сүйенсек, Астана баспана нарығында дәстүрлі көшбасшы Алматыны басып озды. Нақты мысал келтірсек, 2023 жылдың шілде айында Астанада үйін сақтан және сатып алған адамдардың арасындағы 6675 келісім тіркелген. Бұл маусым айымен салыстырсақ 47,6 пайызға көп. 6675 келісімнің 3028-і 1 бөлмелі пәтерлерді сатып алуға қатысты жасалған.

Сарапшы мамандар баспана бағасы жыл соңына дейін 15-20 пайызға қымбаттауы мүмкін деген болжам айтуда. Астанада соңғы 3 жылда инфрақұрылымның тұрғын үй қарқынына ілесе алмағаны рас. «Қазақстан құрылысшылар одағы» Астана қалалық филиалының директоры Вячеслав Лазарев бас қалада баспанаға деген сұраныс азаятынына негіз жоғын айтады.

«Астанада жыл сайын 50-60 мыңға жуық отбасы көшіп келеді. Сол себептен тұрғын үй сатып алуға сұраныс азаяды деп ойламаймын. Керісінше, бағаға кері әсері бар. Дамыған мемлекеттерде бұл мәселе экономикалық жолмен шештеледі. Су, жер тапшылығы болса, үйдің бағасы өседі. Ауылдағы, кіші қалалардағы үйдің бағасын қолжетімді етіп, халықтың қалаға көшуін экономикалық жолмен шешеті» дейді ол.



Астанаға жыл сайын 50-60 мыңға жуық отбасы көшіп келеді. Сол себептен тұрғын үй сатып алуға сұраныс азаяды деп ойламаймын. Керісінше, бағаға кері әсері бар. Дамыған мемлекеттерде бұл мәселе экономикалық жолмен шештеледі. Су, жер тапшылығы болса, үйдің бағасы өседі. Ауылдағы, кіші қалалардағы үйдің бағасын қолжетімді етіп, халықтың қалаға көшуін экономикалық жолмен шешеті» дейді ол.

бізге дұрыс мәлімет алуға мүмкіндік береді. Екіншіден, біз әлеуметтік осал топтарға назар аударсақ, онда баспана кезегінде 250 мыңнан астам адамның тұрғанын көруге болады. 600 мың адам емес. Яғни 250 мың (тұрмысы төмен) адам».

Ләззат Ибрагимова («Отбасы банк» төрайымы) бұл мәселе бойынша пікір білдіріп, біз жыл сайын 25 мың адамды баспанмен қамтамасыз ете аламыз деді. Біз шешімін таппаған мәселемен бетпе-бет келіп отырмыз. Қазір мемлекет «Қазақстанның кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәсе-

## ҚЫЗЫЛША НЕГЕ АСҚЫНДЫ?

Өткен аптада елордада қызылша ауруының күшеюіне байланысты емдеу мекемелеріне түсетін жүктеме арты. Науқастардың көбі екпе алмаған балалар екен, бір айта кетерлігі, олардың арасында ересектер де бар.

Мәселен, қаладағы №3 көпсалалы қалалық балалар ауруханасы 300 төсек-орынға арналса да, қызылшамен ауырып келетіндердің көбеюіне байланысты мекемедегі төсек саны 557-ге және тағы 20 жансақтау орындарына дейін ұлғайған.

– Көптеген ата-ана әлі күнге дейін қызылшаның қаншалықты қауіпті екенін түсінбейді. Кейбірі жеке сеніміне қарай балаларды вакцинациялаудан

бас тартады. Сенімсіз фактілерге сүйенеді. Бірақ бұл ауру басқа аурулардың асқинуына апармай. Науқас балада қызылшадан мидың ісінуі, өкпенің абсцесі сияқты ауыр зардаптар пайда болып, бұл оның саңырау болып қалуына әкелуі мүмкін, – дейді инфекция бөлімінің меңгерушісі Гүлмира Нұрғазина.

Аталған аурухананың реанимация бөлімінің меңгерушісі Екатерина Булатованың айтуынша, қазір ауруханада

қызылшамен 6 науқас реанимацияда жатыр. Олардың төртеуі ауыр, екеуі өте ауыр жағдайда. Қазір бұл балалардың ата-анасы дабыл қағып, үрейленіп, балалары үшін алаңдауда. Негізінен, 6-жас дейінгі балалар ауырады. Сондай-ақ ересектер арасында қызылшаға қарсы ешқашан вакцина алмаған немесе вакцинация күнтізбесіне сәйкес ревакцинацияланбаған адамдар да кездеседі. Дәрігерлер егер бұрын қызылша ауруы, негізінен, бір жастан асқан балаларда көп болса, қазір науқастардың арасында 5-6 айлық балалар да бар екенін айтады.

Осындай жүктемеге байланысты қазір ауруханаларда дәрігердің қабылдауын күту уақыты кейде 1,5-3 сағаттан асып

кетіп отыр, себебі науқастардың жедел медициналық жәрдем және өзін-өзі емдеу бойынша өтініштерінің саны 2,5 есеге дейін өсті. Осыған байланысты жалпы қабылдау бөлмесінде дәрігерлерді қабылдаудың 8 бекеті, оның ішінде қызылша бойынша қабылдау бөлмесінде 2 бекет жұмысы ұйымдастырылды. Тәуекел тобындағы балаларға кезектен тыс қызмет көрсетіледі. Сондай-ақ әрбір инфекциялық бөлімшеде қосымша орта медициналық персоналдың тағы бір бекеті жұмыс істеуде.

Елорданың қоғамдық Денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, қалада қызылша бойынша төсек-орындардың жалпы санының жүктемесі 42 пайызды құрайды. Ересектер арасында қызылша-

мен стационарлық емдеуде 63 науқас жатыр. Бір жастан 7 жасқа дейінгі балалардың 70 пайызы қызылшамен ауруханада емделуде. Бұл – вакцина алмаған балалар, ал екпе салдырғандар ауруды амбулаторлық деңгейде оңай көтереді. Олардың денесінде дене қызуы қатты болмайды, бөртпе көп шықпайды. Вакцина алғанының арқасында ауру 3-5 күн ішінде тез өтіп кетеді. Дәрігерлер қызылшаның алдын алу және қорғау жолы вакцинация екенін еске салады. Қазір елордада қызылшаға қарсы 6 айдан бастап балаларды қосымша жаппай иммундау жұмысы жалғасуда. Екпені қаланың барлық емханасында тегін алуға болады.

## ДЕПУТАТ ДАУЫСЫ

МӘДЕНИЕТ МӘСЕЛЕЛЕРІ  
ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласы мәслихатында мәдениет саласының мәселелері қаралды. Соның ішінде аталмыш саланы дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспары жобасын пысықтауға тапсырма берілді. Саланың жағдайы мен атқарылған жұмыстармен, алдағы жоспарлармен депутаттарды қалалық Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов таныстырды.

ТУРИСТЕРДІ ҚАЛАЙ  
ТАРТАМЫЗ?

Баяндаманы тыңдағаннан кейін депутаттар сауалдарын қойып, ұсыныстарын жеткізді. Депутат Кендебай Адамбеков театрлардың, концерт залдарының сыйымдылығы шектеулі болғандықтан өнерді тарату үшін шығармашылық ұжымдардың тұрғын алаптарға, алауларға, сауда үйлеріне барып, қойылымдарын, концерттерін қоюды ұсынды. Мәдениет қызметкерлерінің жалақысы төмен екенін айта келіп, оны кезең-кезеңімен көтеру, өнер адамдарын баспанамен қамту мәселелерін қозғады.

Депутат Сәуле Самидиннің айтуынша, елордада мәдени мекемелер біраз болса да, тіпті саны жағынан Алматыдан асса да, қазір өзекті де, маңызды іс креативті экономиканы дамытудан Астана кейбір қалалардан қалып қойды.

– Бұл жағынан өңірлерге үлгі болуымыз керек еді. Елордадағы Креативті индустриялар орталығының атауы Мәдени іс-шараларды өткізу жөніндегі дирекция болып өзгертілді. Бұл дұрыс шығар, бірақ ресурстар мен тиісті ғимараттар жеткілікті болғанмен креативті мәдени өнімдер тапшы, – деді Сәуле Самидин.

Оның пікірінше, өзін-өзі ақтап қана қоймай, асыра пайда әкелетін мәдени өнімдерге билет сатудан түскен табысты мәдениет қызметкерлерінің жалақысын көтеруге, бонустар беруге жұмсауға болады. «Осындай өнімдерді көбейту керек» деді депутат. Кез келген елдің мәдени қызметі, үлкен мәдени оқиғалар туризмнің дамуына да ықпал ететінін атап

өткен ол қазір әлемдегі жағдайды пайдаланып, Астанада ірі мәдени оқиғаларды көптеп өткізуді, сөйтіп тартылыс орталығына айналдыруды ұсынды.

Депутат Рабит Тәжімұратов «Нұрсұлтан Назарбаев халықаралық әуежайы» басқарма төрағасы болғанда қалаға туристер шынымен көп келетініне көзі жеткенін, сондықтан жақсы мәдени іс-шаралар жарнамасын әуежайдан бастап орналастыру керектігін айтты.

ҚУЫРШАҚ ТЕАТРЫ  
КӨШЕ МЕ?

Депутат Асқар Смағұлов қаланың Қуыршақ театрын көшіру мәселесін қозғады. Оның пікірінше, өнер ошағының қазіргі ғимаратында жұмыс істеу мүмкін емес. Мәдениет басқармасының басшысы Жаңабай Мейірманқұлов аталмыш театр басшылығына бірнеше ғимарат көрсетілгенін, алайда ешқайсысы сай келмей қалғанын айтып, келесі жылы Қуыршақ театрына ғимарат салу жоспарланғанын атап өтті.

– Бұл мәселені талқылап келе жатқанымызға үш жылға жуықтады. Таяуда қалалық филармонияға берілген бұрынғы «Октябрь» кинотеатрының ғимаратын алдында Қуыршақ театрына ұсынғанбыз. Бірақ өнер ұжымы бұдан бас тартты. Жаңа ғимаратты салуға кем дегенде төрт жыл кетеді. Сондықтан қаладағы дайын ғимараттарды қарап, біреуін таңдау керек. Мен соны дұрыс деп есептеймін. Жаңа ғимарат құрылысын жүргізу дайын ғимаратты сатып алудан үш есе қымбат болады, – деді қалалық мәслихат төрағасы Ерлан Каналимов.

МӘДЕНИ МЕКЕМЕЛЕР  
МҰҚТАЖДЫҒЫ

Мәдени нысандарды жөндеу мәселесіне тоқталған төраға М.Горький атындағы Мемлекеттік академиялық орыс драма театры мен «Наз» мемлекеттік би театры биыл жақсы жөндеумен атап өтті.

– Қала әкімдігіне қарайтын бар болғаны 12 мәдени нысан бар. Оның барлығы жөндеуді қажет етіп тұрған жоқ, бірақ тең жартысын жөндеу керек. Қалалық филармонияға ағымдағы жөндеу керек, соңғы рет мұнда жөндеу 10 жыл бұрын жүргізілді. Цирк те тозып қалды. Оған және «Атамекен» Қазақстан картасы» базасында отырған Бірлескен музейлер дирекциясына да жөндеу керек. «Жастар» театрын келесі жылы жөндеуге қаржы салынып жатыр. Жөндеуден басқа құрал-жабдықтар, музыкалық аппаратура, дыбыс аппаратурасы, сахна, театр реквизиттері бар. Соларды мәдени мекемелерге бір рет алып беру керек. Жалға алу дегенді қою қажет. Жалақы мәселесін қараймыз, мәдениет қызметкерлерінің жалақысы республика бойынша орташа жалақыға сай болғаны жөн. Қазір бізде орташа жалақы – 350-370 мың теңге көлемінде. Соған екі-үш жыл ішінде жетуіміз керек. Адамның басында баспана болмай, дұрыс өмір сүре алмайды. Әркімнің қабағына, көңіліне, бұрышына қарап жүрген адам болашағын да дұрыс жоспарлай алмайды. Бізде білім және денсаулық сақтау салалары қызметкерлеріне 100 пәтерлі үйлер салынып жатыр. Мәдениет қызметкерлерін баспанамен қамтуда да бұл тәжірибені қолдану керек. Қала бюджетінің бұған мүмкіндігі бар, – деді Ерлан Каналимов.

САЛА ЦИФРАНДЫРУДЫ  
ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Мәслихат төрағасы «Наз» мемлекеттік би театрын қала шетінен орталыққа көшіру керектігін айтып, алдағы жылдары тұрғын алаптарда он шақты дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынатынын жеткізді. Бұл нысандармен қатар елді мекендерде мәдениет үйін салатын мүмкіндік жоқ екенін, сондықтан дене шынықтыру-сауықтыру кешендерінде мәдени іс-шараларды, концерттерді өткізетін бөлме болу керектігіне назар аударды.

– Шынын айтқанда, театрларға жаңа репертуарлар керек. Мәдениет басқармасының жанында редакциялық алқа құрылып, театрлардың жоспарын бекіту керек. Елімізде 280 аудан бар. Әр аудан орталығында Мәдениет үйі жұмыс істейді. Елорданың өнер ұжымдарын табыс табу үшін сонда гастрольдерге жіберуге болады. Автобус алып берейік, іссапар қаржысын шешейік. Елордада халықаралық деңгейдегі мәдени іс-шаралар жоқ, бәрін қала күніне әкеліп тығамыз, нәтижесінде ол стандартты іс-шара болып шығады. «Шабыт» фестивалін, «Жас қанатты» қайтаруымыз керек. Бұл фестивальдер жоқ болып кетті. Өткенде «Азия дауысы» Алматыда керемет болып өтті. Соны неге Астанада өткізбеске? Біздің мәдени ошақтарда экскурсиялық бағдарлама да жоқ. Миланға барсаңыздар, сондай бағдарлама бойынша бүкіл театрларын, бүкіл музейлерін аралайды. Онда бір күндік экскурсия 350 евро тұрады. Неге осы үлгіні бізге пайдаланбасқа? – деді Ерлан Каналимов.

Мәслихат төрағасы жас мамандардың тәжірибе алмасуы үшін шетелдерге оқуға жіберу керектігін айтты. Елшілік арқылы көрші Ресейден сұратып алған мәліметтерді келтірді.

– Мәскеуде соңғы екі жыл ішінде театрға келу 40 есе өскен. Репертуар 15 есе жаңарған. Табыс та 5 есе өскен. Бұл неден дейсіздер? Бізде мәдениет саласын цифрландыру жоқ. Жасыратыны жоқ, билеттің жарты ақшасы шақырумен кетеді, жартысы бәлкім, сатылар. Қаланың 12 мәдени нысанын цифрландыруға не кедергі? Біздің театрларда тақырыптық дүкендер жоқ. Мәселен, актерлер өмірбаяны жазылған кітапшаларды таппайсыздар. Мәскеуге барсаңыздар, олардың театрларында, тіпті тақырыптық мейрамханалар бар, – деген Ерлан Каналимов мәдениет саласын дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған кешенді жоспарын тағы бір қарап шығып, келесі айдың ортасында бекітуді ұсынды.



Жуырда Астана қаласы мәслихатында жастар арасында нашақорлықтың алдын алу мәселесі қаралды. Жиын барысында қалалық Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Қайрат Қамбаров «Esirtkisiz Elorda» жастар қозғалысының тұжырымдамасы» атты құжатпен таныстырды.

«ESIRTKISIZ  
ELORDA»  
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ  
ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Баяндамашы жастар арасында есірткіге тәуелділердің статистикалық портретін, есірткі қылмысы бойынша деректерді келтірді. Ал «Esirtkisiz Elorda» тұжырымдамасын жүзеге асыру бірнеше қадамға бөлінген. Соның алғашқысы – нашақорлықтың алдын алу бойынша штаб құру. Оның құрамында психолог-адиктолог, интернет сарапшы, басқа да осы сияқты мамандар болады. Екінші қадам – оқушыларға арналған арнайы ойын элементтері бар қосымшаны әзірлеу. Үшінші қадам – арнайы студенттік ұйымдарды құру. Төртіншісі – әртүрлі әлеуметтік топтар үшін профилактикалық контент дайындау. Бесінші қадам – есірткі сататын ресурстар мен жарнамаларды бұғаттау бойынша жүйелі жұмыс жүргізу. Бұл тұжырымдама қадамдары кезең-кезеңімен іске асырылады. Жобаның жалпы құны – 300 млн теңге.

Ал режиссер, продюсер Бейбітжан Мүсілімов булингті, суицидті, есірткіге тәуелділікті алдын алуға бағытталған «Форум-театр» жобасын таныстырды. Бұл жоба Бразилиядағы Аугусто Боаль құрған театр үлгісінде құрылды. Ол көрермен мен актерлердің тікелей қарым-қатынасына мүмкіндік береді. Қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбеков күн тәртібіндегі мәселе тек бас қаланың ғана емес, мемлекеттік, ұлттық қауіпсіздікке барып тірелетін мәселе екенін атап өтті. БҰҰ 1988 жылы есірткіге қарсы күрес конвенциясын бекіткенін, сондықтан «Esirtkisiz Elorda» тұжырымдамасына халықаралық тәжірибені қосуды ұсынды.


– Азияда нашақорлық қылмыс ретінде, Еуропада, АҚШ-та емдеуді қажет ететін ауру ретінде қабылданады, – деген депутат шетелде нашақорлықтың алдын алу жұмысы әртүрлі органдар мен ұйымдардың қатысуымен кешенді түрде жүзеге асырылатынын айтты. Басқа да депутаттар пікірлері мен ұсыныстарын жеткізді.

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әріптестерін қолдай келе, Жастар саясаты мәселелері

басқармасының ғана күшімен бұл мәселелерді шешу мүмкін еместігін атап өтті.

– Бұл мәселемен қалада жалпы бес мемлекеттік орган айналысып отыр. Сол бес органға биыл есірткіге қарсы күреске 52 миллион теңге бөлінген. Бұл – өте аз. Өткен жылдан бері депутаттар бағдарламаны дайындау қажеттілігі туралы айтып келеді. Ақырында тұжырымдама дайындалды. Бірақ бұл тұжырымдамаға нақты кешенді жоспар қажет. Әрине, депутаттар «Форум-театр» жобасын қолдайды. Музыкалық жас көрермен театры, «Жастар» театры немесе «Жастар» сарайын алаң ретінде пайдалануға болады. Кейбір депутаттардың оқырмандары көп. Осы ресурсты пайдалану қажет. Сонымен қатар олардың барлық ұсыныстары мен ескертулерін ескеру керек. Мәжіліс депутаттары да қосу керек. Себебі бұл – ұлттық, мемлекеттік проблема. Қала әкімдігі жанында нашақорлықтың алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі ведомствоаралық комиссия жұмыс істейді. Оны жұмысқа қосу қажет. Қазір бес жылға арналған мемлекеттік бағдарлама әзірленіп жатыр. 2020 жылға дейін есірткіге қарсы күреске бағытталған бағдарлама болды. Міне, үш жылға айналды, бұл бағдарлама жоқ. Келесі жылы 2029-2030 жылдарға дейінгі мемлекеттік бағдарлама бекітіледі. Соның аясында жұмыс істеу керек. Кешенді жоспарды барлық ұсыныстар мен ескертулерді ескере отырып пысықтап, бекіту қажет, – деді Ерлан Каналимов.

Астана мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Азамат Айтхожин отырысты қорытындылай келе, нашақорлықты алдын алуға қатысты тиімді бағдарлама болуы тиістігін айта келе, алдағы желтоқсан айында қалалық Полиция департаментінің есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасының базасында дөңгелек үстел мәжілісін өткізуді ұсынды.



Райхан  
РАХМЕТОВА

## СУИЦИД – ДАҒДАРЫС КӨРСЕТКІШІ

ДДҰ суицидті әлемдегі әрбір елдің күн тәртібінде тұрған жаһандық проблема деп таныды. Биыл суицид рейтингінде Лесото мемлекеті көш бастаған, онда 100 мың адамға 72,4 суицид оқиғасы тіркелген. Ал Қазақстан 19-орында, әрбір 100 мың тұрғынға 17,6 суицид оқиғасы тіркеліп отыр. Оның себептеріне келер болсақ, былтыр тіркелген суицид жағдайларының басым бөлігінде құрбан өз-өзіне мас күйінде қол жұмсағаны анықталды. Одан кейінгі орында ауыр материалдық жағдай, жалғыздық, ауыр соматикалық аурулар, ажырасу себептері – өз-өзіне қол жұмсауға итермелеген фактілер болған. Өткен жылғы құрбандар көбіне дарға асылу, биіктіктен құлау, пышақтау және әдейі улану амалдарына барған. Дегенмен Ranking.kz құқықтық статистика комитеті берген мәлімет бойынша, соңғы бір жылда Қазақстанда суицид жиілігі 6,1%-ға төмендепті. Мамандар депрессия, мазасыздық, жан жарақатынан болған стресс және басқа психикалық аурулар суицидтік мінез-құлықтың дамуына әкеледі дейді. Қазақстанда депрессиялық жағдайдың таралуы бүкіл халыққа шаққанда 3,72% құрайды.

– Өкінішке қарай, бізде депрессияға тап болған жандарға көрсетілетін қызметке көңіл аз бөлінеді. Қаржыландыру көлемі ұлғаймайды, қолжетімділік сәйкесінше артапайды. Дамыған елдерде, көбіне депрессиядан зардап шегуші халықтың 20%-ы көмек ала алады. Ал Қазақстанда бұл көрсеткіш – тек 5%. Яғни, қалған 95% күйзелісте жүрген жанмен ешкімнің ісі жоқ, – дейді ДДҰ-ның Қазақстандағы психикалық денсаулық жөніндегі кеңесшісі консультанты Николай Негай.

Психолог Шолпан Қайратқызының айтуынша, жастар мен жасөспірімдер арасында көбіне жауапсыз махаббат өз-өзіне қол жұмсауға себеп болады. Одан бөлек, ата-анамен қарым-қатынастың жоқтығы, оқу орындарында буллингке тап болу – жасөспірімдер арасында өлім туралы ойлануға түрткі болатын себептер. Мәселен, былтыр тіркелген суицид фактілерінің 12 жағдайында «жауапсыз махаббат» өлімге себеп болған.

Жыл басынан бері Астана қаласында барлығы 154 суицид фактісі тіркелді, 325 адам суицид жасамақ болған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 37 пайызға төмендеді. Жалпы биыл Қазақстан суицид рейтингінде әлемнің 178 елінің ішінде 19-орынға шыққан.



Қайғылы оқиғаға итермелеуші тағы бір маңызды фактор – жыныстық сауаттылықтың жоқтығы. Гинеколог Мадина Жанәділова жасөспірімдердің көбі репродуктивті саулық туралы білмейтінін айтады. Себебі олардың арасында бұл мәселені шешуге көмектесетін маман аз.

– Ұят деп бетін жауып қойғанымызбен, бұл мәселені бізге келіп ешкім шешіп бермейді. 18 жасқа дейінгі қыздар «Балалар гинекологы» маманына барып қаралады. Ал өкінішке қарай, мұндай мамандар елімізде тапшы. Олар мектептерге барып, дәріс оқып, жыныстық сауаттылық, аборт салдары туралы сұхбат жүргізуі тиіс, – дейді ол.

Ranking.kz. мәліметтері бойынша Қазақстанда биыл қаңтар-қазан айлары аралығында суицид жасаушылардың жалпы саны 3,4% артқан. Бұл ретте жасөспірімдер

арасында өз-өзіне қол жұмсаушылар саны 30% көбейген, яғни осы жылы елде кәмілет жасқа жетпеген 169 бала өзін өлтірген. Оның ішінде 27,8%-ы 5-14 жас аралығындағы балалар болса, 72,2%-ы – 15-17 жас аралығындағы жасөспірімдер. Суицид жасамақшы болғандар саны 10 өңірде ұлғайған, соның ішінде Астана қаласы да бар. Өз-өзіне қол жұмсамақ болған әрекеттердің ең көбі елордаға тиесілі екен. Заң саласындағы профессор Мүсілім Хасенов те осы саладағы соңғы 8 жылдағы статистикаға талдау жүргізе келе Қазақстанда жыл сайын 350 бала суицид жасауға талпынып, 172 бала өз өмірін қиятынын анықтағанын айтады. Осыған орай биыл Парламент Мәжілісінде кәмілет жасқа жетпегендерге көрсетілетін кез келген зорлық-зомбылық бойынша жа-

заны күшейту мәселесі қаралды. Оқу-ағарту министрлігі Балаларды зорлық-зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу, олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған жаңа кешенді жоспардың жобасын әзірледі. Құжат Үкіметтің қаулысымен бекітілді. Аталған министрлік Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша тәуекелдердің интерактивті картасын іске қосуды жоспарлауда. Оқу-ағарту министрлігі алда балалар ортасында «кейс-менеджмент» технологиясын енгізбек. Дегенмен психолог және гинеколог мамандар балалар арасында суицидтің алдын алуда ең әуелі ата-аналардың жауапкершілігі зор екенін, олардың бала тағдырына аса жауапты қарауын сұрайды.

### «АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Астана қаласы әкімдігінің «№ 9 қалалық емхана», «№ 11 қалалық емхана», «Достық алғашқы медициналық-санитарлық көмек орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарына Байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурстың басталғаны туралы хабарлайды.

Денсаулық сақтау саласындағы жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні:

1) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе ұйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Мынадай:

1) соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;

2) заңды тұлғаны банкрот деп тану туралы шешім қабылданғанға дейін бір жылдан астам осы заңды тұлғаның басшысы болған;

3) бұрын сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған;

4) байқау кеңесінің басқа мүшесімен немесе мемлекеттік кәсіпорын басшысымен жақын туыстық және туыстық қатынастағы адамды байқау кеңесінің мүшесі ретінде сайлауға болмайды.

Конкурсқа қатысуға қажетті құжаттар:

1) конкурсқа қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) мемлекеттік және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) 2015 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 35-бабына сәйкес жұмыскердің еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген соттылығы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орнының басшылығынан ұсыным) беруіне болады.

Қатысушы конкурстық өтінімінің түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Конкурсты өткізу орны – Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 421-кабинет, 556839.

Конкурстың басталу күні (құжаттарды қабылдау) – 2023 жылғы 29 қараша.

Конкурстың аяқталу күні (құжаттарды қабылдауды аяқтау) – 2023 жылғы 29 желтоқсан.

## АСТАНА ПОШТАСЫ – ҰЗДІК ҰЖЫМ

Қазпошта – хат-хабар тарату қызметімен бірге, уақыт талап ететін банктік, агенттік және саңдық қызмет түрлерін жылдам әрі сапалы атқаратын компания. Күн сайын халықпен тығыз жұмыс істейтін әлеуметтік құрылымға 30 жыл толды. Біз елдегі ұлттық оператордың Астана қаласындағы филиалына барып, жұмысымен таныстық.

Нұрлат  
БАЙГЕНЖЕ

Қазпоштың басты ғимаратынан бізді филиал басшысы Бақытжан Маликова күтіп алып, жол бастап, жұмысымен таныстырды.

– Астана қаласы бойынша 17 облыстық және 5 мамандандырылған филиалы бар. 700-ден астам адам тұрақты жұмыс істейді. Орташа жалақы 276

мың теңгені құрайды, – деді ол.

Бүгінде пошта торабы заманауи талап-міндеттерді ұштастырып, қызмет аясын кеңейтіп келеді. Мәселен, электронды пошта арқылы хат-хабарларды қабылдап, жөнелтетін гибриді пошта, сәлемдеме мен халықаралық ақша аударымын жүзеге асыратын «Юнистрим», жеделдетілген хатты қабылдап, жеткізетін – EMS, жеделдетілген ақша аударымын іске асыратын

«Сәлем теңге» сынды жаңа қызмет түрлері іске қосылды.

– Бұрын пошта филиалдарында ұзын-сонар кезек болатын болса, трансформация бағдарламасын бизнес-үдерісті оңтайландыруға, қызмет көрсету саласын жаңа технология арқылы автоматтандыруға және адам ресурсының сапалы өзгеруіне бағыттап, нәтижесінде адамдардың кезекке тұруы қысқарды. Бұған онлайн қызмет түрлерінің де іске қосылуы да әсер етті. Бүгінде электронды сауда мен логистикалық қызмет түрін дамытудың амалын жан-жақты қарастырып, инновациялық және жоғары технологиялы компанияға айналу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Яғни халыққа ақыл-кеңес беретін, сервистік қызмет көрсететін, кросс-сатылым жүргізетін бірегей орталыққа айналады, – деді Бақытжан Маликова.

«Қазпошта» АҚ-ның айтулы жаңалығының бірі – постамаат. Бұл – автоматтандырылған пошта станциясы. Артық-



шылығы 24/7 режимінде жұмыс істейді. Сәлемдеме немесе бандероль алушыға пошта бөлімшесіне барып, курьерді күту қажет емес. Себебі сәлемдеме постамаат арқылы тиісті тұлғаға автоматты түрде жеткізіледі. Бұл қызмет түрін көбінесе тауарды интернет арқылы сатып алушылар пайдаланады. Компания ғаламторсыз, компьютерсіз, смартфонсыз ақша аударымын ұсынады. Яғни «Salem, Mobile» төлем қызметін қолданғысы келген адамда «Қазпоштаға» және қаржы қызметіне қосылған банк картасы болуы керек. Клиент төлемді кез келген үлгідегі ұялы телефонмен орындай алады.

– Әрине, біз үшін ең маңыздысы – тұтынушыларға сапалы қызмет көрсету. Қазір тұрғындар 1499 нөміріне хабарласып, жедел ақпарат алып, ұсынысы мен талап-тілегін жеткізуге

мүмкіндігі бар – деді филиал басшысы.

Филиалдың сату бөлімінің басшысы Ләззат Қонақбаева тәулігіне 24 сағат бойы жұмыс істейтін арнайы бөлімге апарды. Ондағы қыз-келіншектер таңғы 7.00-де жиналып, газетті көше-көше бойынша сұрыптап, тиісті аумағына газетті жеткізуге асығып жатыр екен. Елдің басты газеттері – «Егемен Қазақстан», «Қазправда», «Ақын», «Лидер», «Түркістан» бар. Оның ішінде, өзіміздің «Астана ақшамы» мен «Вечерняя Астана» басшылығы көзімізге оттай басылды.

3 жылдан бері газет пен хаттарды сұрыптауға маманданған Эльвира Ғазизованың сөзінше, түнгі уақыттан таң атқанша жұмыс қыза түседі. Сұрыптаушылар газетті сұрыптайды, сосын таратушылар тиісті мекенжайға асығады.

Өйткені әрбір поштаның міндеті – баспадан келген газет-журналды уақытылы оқырманға жеткізу.

– Газет пен хаттарды сұрыптап, газет жеткізу – жауапты іс. Тіпті адам аманатын арқалайтын, рухани жауапкершілігі ауыр міндет деуге келеді. Күн сайын мыңдаған газетті бөліп, үй-үйге жеткізу оңай шаруа емес. Өзіңіз жақсы білесіз, Астананың ауа райы құбылмалы: бір күндері аңызға жел болса, бірде қатты ыстық болады, кейде омбы қарға малтығып жүріп газет таратамыз. Солай бола тұра, «аманатты» тиісті адреске жеткізіп, өзіміздің ортақ чатқа суретін жіберіп, әріптестерім қызметті адал атқарып жүр, – деді бас қаланың оңтүстік-шығыс аймағына газет-журнал тарататын Шолпан Сыздықова.



Таңатар  
ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

## ҚЫЛЫМЫСҚА ЖАЗА БАР

Қазақстан Республикасы Қаржылық мониторинг агенттігінің Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті азаматтарды қаржылық пирамидаларға тартудың алдын алуда превентивті іс-шаралар кешенін жүргізуде.

Жыл басынан бері интернет-ресурстарын тексеру бойынша «Байқа, пирамида!» telegram-бот іске қосылды. Енді азаматтарымыз сайттар мен әлеуметтік желілерді қаржы пирамидалары бойынша өз бетінше тексеріп, бағамдай алады. Бұл – оларды алаяқтық жоспарларға тартудан сақтандырудың әрі қылмыстың алдын алудың бір жолы.

2023 жылдың 10 айында Астана қаласы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаменті елорда аумағында заңсыз қызметін жүзеге асырып келген 54 салымшысы бар «Best Road Investment», 389 салымшысы бар «Семейный капитал», 250 салымшысы бар «Invest Consulting Agency», 200 салымшысы бар «Eden Life», 200 салымшы жинаған ММК INVESTMENT, 280 салымшы жинаған «Finico», 138 салымшысы бар «Qnet», 131 салымшы жинаған «Chia Thai», 82 салымшы жинаған «World Business Counsultung», 30 салымшысы бар «Antares», 72 салымшысы бар «Sinsera systems», 120 салымшысы бар «Sterling Invest» және 535 салымшы жинаған «EOLUS» сияқты 19 қаржы пирамидасы қызметінің жолын кесті.

Қаржылық пирамидалар бойынша сотқа ҚР ҚК 217-бабы, 3-бөлігімен 10 қылмыстық іс жолданды: оның ішінде, 6 қылмыстық іс бойынша үкім шығарылып, ұйымдастырушылары ұзақ жылдарға бас бостандығынан айырылды.

Мысалға, «Q-net» қаржы пирамидасы, «Q-net» компаниясына жаңа қатысушыны тартып, ол құны 2 000 АҚШ долларынан кем емес тауар сатып алу үшін ақша қаражатын салады және соның есебінен «Q-net» компаниясынан бонустар алады.

Белгілі болғанындай, қаржылық пирамидаға адамдар қомақты ақшаға ойы арбалып, үгіт-насихатқа елігіп, өз еріктерімен кіріп жатады. Сондықтан салынған қаражаттың қайтарылуына ешкім ешқандай кепілдік бермейді.

## ОҢАЙ ОЛЖАҒА ЕЛІТП...

Тез байып кетуге уәде еткенімен, қаржы пирамидасын ұйымдастырушылар әуелі өз қамдарын ойлайтыны белгілі. Қанша аузы күйіп, соңы қайғылы жағдайға апарып жатса

САЛЫМШЫНЫ  
САН СОҚТЫРҒАН  
СҰМПАЙЫЛАР

Қаржы пирамидасы – бізге өткен ғасырдың аяғында келген қылмыстың ең сұмпайы түрі. Ол – бір басын шауып тастасаңыз, келесі басы өсіп шығатын жеті басты аждаһа сияқты жаны сірі нәрсе. Астана қаласында мұндай келеңсіздікпен күрес бұрын да қатаң болатын, кейінгі кезде аталған алаяқтық құйтырқылықтың әдіс-тәсілі тіпті көбейе бастаған соң тұрақты түрде бақылауға алынды.

да көптеген адамдар «аспаннан жауатын» қисапсыз ақшаға қатты сенеді. Егер қисынға салып ойлап қарасақ, салған ақшанды 300 пайыз өсіммен үш айдан кейін қайтарып алу мүмкін бе? Мәселен, мен аталған құйтырқы қорға бір миллион ақша салсам, оны үш айдан кейін үш миллион етіп қайтарып аламын дегуге сенуге бола ма? Сонда ол ақша қайдан келуі мүмкін? Әрине, бұл – инвестициялық алаяқтық. Біреулер сияқты асқан ақымақтық жасап үйін, машинасын сатып немесе банктен кредит алып, үш айдан кейін үш есе етіп қайтарып аламын деп жанталасқан жаңа «инвесторлардың» арқасында пайда болатын «көбік шар». «Жаңа инвесторлар азайып, немесе болмай қалған күні бұл «шар» жарылады. Міне,

барлық құйтырқылық пен шындық осы жерде.

Астана қаласының Экономикалық тергеп-тексеру департаменті мамандарының айтуынша, қаржы пирамидаларының қызметі бір жыл, жыл жарымнан аспайтын көрінеді. Тіпті екі-үш күннен кейін қылмысы анықталып, уәде еткен салымшыларына бір тиын да пайда түсірмей құрдымға кеткен ұйымдастырушылар да бар.

Елорда тұрғыны Нұртаза Байтасов осыған дейін қаржы пирамидасын «халықаралық қаржы қоры, адамдарға көмектесу үшін қалталы азаматтар құрады» деп ойлап келген. 2017 жылы ол «Amlr Capital» қаржы пирамидасына алты миллион теңге қаржы салады. Расы керек, үш айдан кейін аталған қор апта сайын оның есеп шотына 10 доллар, 20 доллар жіберіп тұрған.

“

Осы жылдың көктемінде Астанада «Qnet» компаниясының ұйымдастырушысы ұсталды. Сол кезде осы кеңсенің салымшылары 463 миллион теңге шығынға батқан еді. О баста ол желілік маркетинг және электрондық коммерция саласындағы халықаралық серіктестік деп құрылған болатын. Алайда азаматтардың ақшасын тартқан алаяқ оны нақты кәсіпкерлік қызметте пайдаланғысы келмеді. Есесіне ол салымшылардан түскен қаражатты өздерінің жеке бастарын байытуға, үстеме ақша келтіруге жұмсады. Заң бойынша ешбір мекеме, ұйым немесе компания халықтан ақша тартумен айналыса алмайды. Халықтың ақшасын тек екінші деңгейлі банктер ғана уәкілетті мемлекеттік орган берген лицензия негізінде тарта алады. Сондай-ақ мұндай жұмыспен Ұлттық пошта операторының айналысуына рұқсат етілген. Бұған олардың мемлекет берген заңды рұқсаты болуы керек. Ал басқасының барлығы ерте ме, кеш пе күйрейді, сөйтіп халықты қан қақсататын – алаяқтық.

УӘДЕГЕ СЕНІП,  
ОПЫҚ ЖЕР...

Осы жылдың тамыз айында елорда аумағында өзінің заңсыз қызметін 2020 жылдан бері «дөңгелетіп» келе жатқан «Sincere

Systems» ЖШС басшысына үкім шықты. Ол криптовалюта биржасымен біріге отырып, азаматтардың 215 миллион теңге ақшасын құмға сілген судай жоқ қылып жіберген. Енді, міне, өз қолдарымен беріп, қазір сайда саны, құмда ізі жоқ қаржыны иелері іздеп табандарынан таусылуда.

Астана қаласының Экономикалық тергеп-тексеру департаменті сенгіш, аз ғана уақытта қаржыңды үстемелеп көбейтіп беремін дейтіндердің қақпанына түсіп қала беретін азаматтарға байланысты талай үгіт-насихат, түсіндіру жұмыстарын жүргізіп те келеді. Мойындау керек, нәтиже күткендегідей болмай тұр. Тіпті, қаржы пирамидасын ұйымдастырғаны үшін Қылмыстық кодекстің 217-бабы бойынша дүние-мүлкі тәркіленіп, 12 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін екенін біле тұрса да айылдарын жимайтындар бар.

Бас қалада жыл басынан бері қаржы пирамидасына ақша салып, зардап шеккен 480 адамның арыз-шағымы түсті. Оларға жалпы келтірілген залал 880 миллион теңгеден асып отыр.

Ал осы заңсыз бизнесті ұйымдастырушылар қаланың қақ ортасынан көрнекті жерден өздерінің кеңселерін ашып алып, қызметкерлер ұстаған. Тіпті мөрлері, бланк қағаздары мен қызметтік куәліктері де болған. Былай қарағанда, көпшіліктің көз алдында шынайы әрекет еткен.

«Қалай сенбейік, астанада зәулім кеңседе отыр. «Бәрі заңды, ақшаларың еселеп қайтады» деп ант-су ішіп сендірді ғой. Оның үстіне өзім танитын көршім, бір миллион ақша салып, үш айдан кейін үш миллион етіп қайтарып алды. Сосын ол тағы бір миллион ақшаны үстемелеп алатындай қайта салды. Ал мен салып едім бір ай жарымда құқық қорғау органдары компанияның шотын бұғаттап тастады. Енді ақшамды ала алмай жүрмін» дейді зардап шегуші Эльмира Әлкенова.

Айта берсе, мұндай мысалдар көп. Бір ескерелігі, қаржы пирамидасы тек қаржылық жағынан зардап шектіріп қана қоймайды, ағайынның да арасын ашып жібереді. Өйткені өмір көрсетіп отырғандай, өзі сеніп қалған адам «инвестор» ретінде келесі кезекте өзінің жақын туыстарын, ағайын-жекжатын, көршілерін тартады ғой. Міне, соның зардабын көбі тартып жатыр.

Сондықтан қаржы пирамидасын ұйымдастырушыларға халық болып, қоғам болып бітіспес майдан ашуымыз қажет. Ондай адамдардың іс-әрекетін бастапқы сәтінде-ақ тұншықтырған абзал. Сонда ғана ақшаға дөңгіп, баоды армандайтындар мен ірі көлемдегі алаяқтыққа баратындар саны азаяр ма еді?

## АЛАЯҚТАН САУАТТЫЛЫҚ ҚҰТҚАРАДЫ

«Табысты бизнес», «бірегей жоба», «тиімді инвестиция» ұранымен өздерін инвестициялық компания ретінде таныстыратын алаяқтар мыңдаған адамды құрығына оңай түсіреді. Нәтижесінде мыңдаған адам жиған-тергені қаржысынан айрылып, сан соғуда. Қаржы мониторинг агенттігі басқармасы басшысының орынбасары Андрей Давыдов алаяқтықтың түрлері мен негізгі схемасын түсіндірді.

Оның сөзінше, алаяқтар жаңа салымшы тартқан кезде классикалық, матрицалық жүйе, желілік маркетинг түрінде қаржы табуды ұсынады. Қаржы пирамидалары көп жағдайда инвестициялық компания ретінде таныстырады. Сондай-ақ криптовалюта немесе оқыту блокчейн технологиясы түрінде қаржы табуды ұсынады. Қаржы пирамидасының басты ерекшелігі – тез және оңай ақша табуға үндейді.

– Біздің департаменттің басты міндеті – қаржы пирамидасының өмірлік

циклін қысқарту және оның инвесторларының санын барынша азайту. Қаржы пирамидасын мүмкіндігінше ерте анықтау және оны ерте кезеңде жою. Биыл республика бойынша 50 жоба анықталып, оның 35-і жойылды.

Алдын алу жұмысына келетін болсақ, біз интернет кеңістігінде заңсыз жобаны іздеуге арналған IT-құралдарды белсенді түрде енгізудеміз. Осыдан кейін сайттарды Cybernadzor жүйесіне енгіземіз. Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

бұл жобаларды қарап, оларға тосқауыл қою туралы шешім қабылдайды. Осы алгоритм бойынша биыл 7 мыңға жуық сайт пен аккаунт бұғатталды. 2021 жылы жобаның ең басында бір жылда 600-ге жуық сілтеме бұғатталды. Біз IT-құралдарды қолданудың арқасында мүмкін болған анықтаудағы ілгерілеушілікті байқаймыз» деп атап өтті ол.

Андрей Давыдов алаяқтық схемасы мемлекет шеңберінен шығып, шетел компанияларының алдау-арбау элементі жандана бастағанын айтты. Мәселен, соңғы екі жылда ел көлемінде «Q-net», «Finico», «Antares» және тағы басқа жобалар анықталды. Алаяқтықтың алдын алу үшін үгіт-насихат жұмыстарын белсенді жүргізуде. Блогерлермен және қоғам белсенділерімен бірлесіп подкаст пен бейнеүндеулерді әлеуметтік желіде таратыла бастады.

– Ұлттық банк бекіткен пайыз мөл-

шерлемесі 16,75 деңгейінде болса, алаяқтар 200-300 пайызбен табыс табуды ұсынады. Қаржы пирамидасының тағы бір айқын белгісі инвестициялық немесе басқа да қызметті жүзеге асыруға мемлекеттік лицензиясы болмайды. Олардың классикалық схемасы пайда табу үшін адамдарды тарту керек. Егер желілік компаниялар өнімнің қандай да бір түрін сатуды ұсынса, алаяқтар «жоқ нәрсені» сатуға тырысады. Міне, қаржылық схеманың осындай белгі-бедерін назарға алып, алаяқтарға алданбауға болады» деді Экономикалық тергеу қызметінің полковнигі.

Жыл басында Қаржы мониторингі агенттігі «Vaiqa», «piramida» деп аталатын телеграм ботын іске қосты.

«Егер ботта сұралған жоба туралы ақпарат болса, жауап 5 секунд ішінде келеді. Бот бұл жобада қаржылық пирамида белгілерінің бар-жоғы туралы

ақпарат береді. Егер белгілер болмаса, сұрау агенттік қызметкеріне жіберіледі. Арнайы маман сұраққа бір күн ішінде жауап береді. Жыл басынан бері осындай 6 мыңға жуық өтініш қаралды. Агенттіктің веб-сайтында қаржылық пирамидасының тізімі үнемі жарияланады. Сондай-ақ біз ботты жетілдіріп, азаматтардың арыз-шағымдарын қарастыру функциясын енгізуді жоспарлап отырмыз» деді спикер.

Қаржылық схеманың басты қаруы – адам сеніміне кіру. Қазір адамды алдап-арбайтын пирамиданың жаңа түрлері пайда болуда. Тіпті тіл үйрететін курстың атын жамылады, коммуналдық төлем немесе салық төлеу бойынша жалған түбіртек ұсынатындар бой көрсете бастады. Қазақстандықтардың қаржылық жауапкершілігі артқан кезде ақшасын алаяқтарға беруі тоқтайды.

Салтанат МҰРАТҚЫЗЫ

№141 (4574) 28/11/2023 Сейсенбі

## ТАШКЕНТТЕН СОҚҚАН ЖЫЛЫ ЛЕП...

Ә.Науаи атындағы мемлекеттік академиялық Үлкен театры елордаға келіп, «Астана Опера» сахнасында гастрольмен өнер көрсетті. Танымал өзбекстандық ұжым 22 қарашада көпшіліктің назарына опера және балет нөмірлері енген ауқымды гала-концерт ұсынды.



Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

– Біздің елдерімізді ондаған жылдар бойы қалыптасқан жасамаз шығармашылық пен жақын мемлекеттік қарым-қатынастар байланыстырады. Өзбекстан мен Қазақстан халқын шынайы достық пен тату көршілік біріктіріп келеді. Театрымыздың Қазақстанға гастролінің екі елдің өзара шығармашылық байланысын нығай-

туда және мәдениеттерін байытуда маңызы зор. Ұйымдастыру тұрғысынан мұндай үлкен тур – ауқымды халықаралық жоба. Бұл арада 110 адамнан құралған шығармашылық ұжымды көрсетуіміз қажет. Дәстүрге сай, онда үздік шығармашылық күштер – халық әртістері, еңбек сіңірген өнер қайраткерлері, еңбек сіңірген әртістер, сондай-ақ көптеген белді халықаралық байқауларда, оның ішінде жуырда Өзбекстанда өткен

«Competition dell'opera» додасында лауреат атанған дарынды жастар жұмылдырылған. Ә.Науаи атындағы МАҰТ симфониялық оркестрі де өнер көрсетеді. Бұл еліміздің опера және балет өнерін жан-жақты әрі абыроймен таныстыруға мүмкіндік береді, – дейді Ә.Науаи атындағы мемлекеттік академиялық Үлкен театрдың директоры, Өзбекстанның Халық әртісі Рамиз Усманов.

Елордалық көрермендер «Астана Опера» сахнасында ұсынылған өзбектің төл опера және балет шығармаларынан бірегей нөмірлерімен танысып, классикалық туындылардан керемет әсер алды. Ә.Науаи атындағы Үлкен театр солистері Дж.Вердидің «Дон Карлос», П.Чайковскийдің «Иоланта» операларынан нөмірлерді, Дж.Пуччинидің «Богема», В.А.Моцарттың «Сикырлы флейта», Ф.Чилеаның «Адриана Лекуврёр» операларынан ариялар мен басқа да шығармаларды зор ықыласпен тыңдады.

Өзбек композиторы, КСРО Халық әртісі М.Ашрафийдің «Кашмирида» романы, сондай-ақ Өзбек КСР Халық әртісі, композитор С.Юдаковтың «Майсараның айласы» операсынан увертюра мен көрініс гастроль бағдарламасының сәнін келтірді.

Таңғажайып өзбекстандық өнер ұжымының гастролі кезінде Л.Минкустың «Дон Кихот», А.Аданнның «Жизель» спектакльдерінен нөмірлер, Р.Дригоның «Талисман» балетінен па-де-де де көрсетілді. Көпшілікке Ж.Бизе-Р.Шедринің «Кармен сюита» балетінен вариациялар мен адажио, С.Прокофьевтің «Ромео мен Джульетта» балетінен балкондағы көрінісі ерекше қабылданғанын айтуымыз қажет. Бұл күні Ә.Науаи атындағы Үлкен театрдың симфониялық оркестрі маэстро Денис Власенконың жетекшілігімен өнер көрсетті.



## ҚАЛА КІТАПХАНАЛАРЫ ЖАҢҒЫРТЫЛДЫ

Астана қаласы орталықтандырылған кітапханалар жүйесіне қарасты 18 кітапхана бар. Биыл қала әкімдігі мен қалалық мәслихаттың қолдауымен соның төртеуін жаңғырту жұмыстары басталды. Кейбір жаңғыртылған кітап ордaları жаңартылған қалыпта есіктерін оқырмандарға қайта ашты.

Соның бірі – Бөгенбай батыр даңғылындағы Орталық балалар және жасөспірімдер кітапханасы. Жақында Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов бастаған депутаттар жаңғыртудан кейінгі осы кітапхана жағдайымен танысты.

Аталмыш кітапхананың материалдық-техникалық базасы жаңартылды. Қала тұрғындары мен ең кішкентай оқырмандарға ыңғайлы болу үшін заманауи эргономикалық жиһаз пайда болды. Дизайнерлермен жұмыс жүргізіліп, кітапхананың қасбеті жаңартылды. Қалалық мәслихат депутаттары жаңартылған залдарды аралап, кітап қоры және жаңа түскен кітаптармен танысты.

Осы кітапхананың кітап қоры 166

мың дана кітапты, ал оқырмандар саны 8 мың адамды құрайды. Жаңғыртудан кейін жұмыс кеңістігі айтарлықтай өзгеріп, коворкинг, балалар және басқа аймақтарға бөлінді. Кітапхана оқырмандарға жоғары жылдамдықты интернетке қол жеткізуге мүмкіндік берді.

Ал Аманат партиясының хатшысы Шолпан Қаринова және аталмыш партия мүшелері жаңғыртудан өткен №3 балалар кітапханасының қайта ашылу салтанатына қатысты.

Жалпы қала кітапханаларын жаңғырту бағдарламасына Орталық балалар және жасөспірімдер, №3 және №4 балалар, сондай-ақ зағип және нашар көретін азаматтарға арналған мамандандырылған кітапханаларын қамтыды.



## «OTANDASTAR CUP» ТУРНИРИ ӨТТІ

Елорда төрінде ҚР СИМ қарасты «Отандастар қоры» КеАҚ және С.Сейфуллин атындағы қазақ агротехникалық зерттеу университетінің ұйымдастыруымен елімізде білім алып жатқан қандас студенттер арасында «Otrandastar cup» халықаралық баскетбол турнирі өтті.

Атамекенде білім алып жатқан қандас жастардың арасында достық қарым-қатынас орнату және салауатты өмір салтын насихаттап, ең мықты спортшыларды шаршы алаңда анықтау мақсатында өткен іс-шараның ашылу салтанатына ҚР Сенат және Мәжіліс депутаттары да қатысып, жарыстың табысты өтуіне тілеулестік білдірді.

Биыл үшінші рет өтіп жатқан

дәстүрлі турнирде Өзбекстан, Моңғолия, Қытай сынды алыс-жақын шетелдерден келген 200-ге жуық жас спортшылар бақ сынады. Қатысушылар 16-25 жас аралығындағы ұл және қыздар командаларынан құралды. 16 ұлдар құрамасы, 6 қыздар құрамасы арасынан сайдың тасындай іріктеліп шыққан 6 команда үздік атанып, арнайы сертификат пен ақшалай сыйлыққа ие болды.



## ГИМНАСТШЫЛАР – ЖҮЛДЕГЕР

Елордалық гимнастшылар эстетикалық топтық гимнастикадан өткен әлем чемпионатынан жүлдегер болып оралды.

Алматыда өткен жарысқа дүниежүзінің түкпір-түкпірінен жиналған 17 құрама командадан 400-ге жуық спортшы қатысып, бақ сынады.

Қазақстан құрамасы сапында өнер көрсеткен елордалық спортшылар жоғары нәтижеге қол жеткізіп, 1 күміс, 2 қола жүлдемен, командалық 2-орынға тұрақтады.

Жарыс қорытындысы бойынша астаналық Alan-Рио (11 спортшы) құрама командасы 4 құрлық чемпионатында қола жүлдеге ие болса, Samruk (11

спортшы) құрама командасы әлем чемпионатында үшінші орынға тұрақтады.

Сондай-ақ Alan-Junior командасы (10 спортшы) командалық есепте 2-орынға ие болды.

Енді елордалық гимнастшылар ел чемпионатына дайындалады.

Жалпы, Астана қаласында эстетикалық топтық гимнастика соңғы жылдары дамып отыр. Бүгінгі таңда спорттың осы бір әсем түрімен жүздеген балалар мен жасөспірімдер айналысып жүр.



## АСҚАР ЗАБИКУЛИН АТЫНДАҒЫ ЖАРЫС

Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің ұйымдастыруымен қызметтік міндетін атқару кезінде қаза тапқан Асқар Забикулинді еске алуға арналған азаматтық қорғау органдарының қызметкерлері арасында волейболдан турнир өтті.

Турнирге жалпы 19 команда қатысты. Арасында Астана, Алматы, Шымкент қалалары мен облыстық Төтенше жағдайлар департаменттері, сондай-ақ М.Ғабдуллин атындағы Азаматтық қорғау академиясының командалары болды. «А», «В», «С», «D» топтарындағы ойындар «Құтқарушы», «Қуат», «Еуразия», «Эверест» спорт кешендерінде өткізілді. Жар-

тылай финалға төрт команда шықты. Қорытындысында үшінші орын Ақтөбе облысының ТЖД, екінші орынды ШҚО ТЖД, ал жүлделі бірінші орынды Астана қаласының ТЖД командасы иеленді. Турнирдің жеңімпаз командалары және үздік ойыншылар болып танылғандар кубоктармен, медальдармен және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.



Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген. Меншік иесі: «Elorda Aqrarat» ЖШС

Директор – Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор – Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың орынбасары – Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300

Тапсырыс №141

Баспахана: Астана қаласы,

Сілеті көшесі, 30-үй

«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі: тел./факс: +7 (7172) 42-43-81 Тілшілер бөлімі: 42-41-03 Жарнама: 42-43-52 Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Төлен ТІЛЕУБАЙ